КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2 ақпан 2024 жыл № 3115-24-00-2/21 іс Тараз қаласы

Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында судья Е.А.Қалымханов қойылған талап бойынша оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Меркі ауданының білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер "Алтын" Алтынай Серғалиқызы Аманхан

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-нің 267-4 бабын басшылыққа ала отырып

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер "Алтын" Алтынай Серғалиқызы Аманхан мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Дара кәсіпкер "Алтын" Алтынай Серғалиқызы Аманханнан мемлекет пайдасына 9 772 (тоғыз мың жеті жүз жетпіс екі) теңге тұрақсыздық айыбының сомасы және 2 087 (екі мың сексен жеті) теңге сот шығыны сомасы өндіріліп алынсын.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Судья Е.А. Қалымханов

Құжатқа қол қойылған: Қалымханов Е. А., 02.02.2024

Заңды күшіне енген күні: 12.03.2024, судья Қалымханов Е. А., 12.03.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство

3115-23-3-1/3627